

Синан Өзбек¹, Қабул Оралбай²

¹PhD докторы, Қоджаелі университетінің профессоры, Түркия, Қоджаелі қ.

²Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің докторанты,
Қазақстан, Астана қ., e-mail: oral-kz.@indox.ru

ҚҰНДЫЛЫҚТАР ЖҮЙЕСІНДЕГІ ТРАНСФОРМАЦИЯ ҮРДІСІНІҢ ТҮРЛЕРІ МЕН МӘДЕНИЕТТІ ДАМУ ДИНАМИКАСЫ

Мақалада қазақ отбасының үш ұрпақтан тұратындығы: ата, әке, бала, аға ұрпақтың қоғамдағы ролі мен міндеті артқан сайын өзінен кейінгілерге үлгі-өнеге көрсетіп, өздерінің қадірін біліп, жастардың орынды істерін, оң пікірлерін қолдап-қуаттап, қателерін түзетіп, ақыл-кеңес беріп жөн сілтейтіндігі сөз болады. Аға ұрпақ ұғымы дәстүрлі рулық-туыстық қатынастар жүйесінде үйлестіруші және реттеуші сияқты аса маңызды институционалдық функция атқарғандығы айтылған. Әр халықтың бала тәрбиесіндегі өзіндік ерекшеліктері арқылы мәдени құндылықтары қалыптасатындығы айқын. Әкенің мінез-құлқы, өзгелермен қарым-қатынасы, өнері мен білімі баланың көз алдындағы үлгі, өнеге алатын, оған қарап өсетін нысанасы екендігін тағы бар. Сондықтан бүгінгі өзекті мәселе – ұрпақтар сабақтастығы. Сабақтастық әке мен бала ғана емес, ата мен немере арасында да болады. Жас ұрпақ біздің өміріміздің тікелей жалғастырушы ғана емес, еліміздің тірегі, мызғымас болашағы. Адамзаттың өмірдегі ең қымбаттысы, көз қуанышы – бала. Бала – дербес тұлға. Оның бойындағы табиғи қасиеттер, адамгершілік құндылықтары отбасында, мектепте, әлеуметтік ортада нәрленеді дей тұра, баланың бас ұстазы – ата-анасы. «Атасы немересіне үмітпен қараса, немересі атасына күдікпен қарайды» деген де сөз бар. Себебі, немере мен атаның арасы алты айлық жол. Жаңаның басында – Немере, ескінің соңында – Ата тұр. Ата көпті көрген, өмірдің талай белестерінен өткен, жақсылы-жаманды өмір кешкен тәжірибесі мол адамдар. Қорытындылай келе, ел бірлігі үшін ата мен немере арасындағы сабақтастық жібі үзілмеуі керек. Ата мен немере арасында әке бар. Үш буын, оған сай үш құндылықтар жүйесі өз кезегінде қоғам дамуына қызмет ету керектігі басты екендігі талданады.

Түйін сөздер: қоғам, құндылық, құндылықтар трансформациясы, сабақтастық, мәдениет, қоғамдық қатынас, әлеуметтік орта, дәстүр, дүниетаным, этнос.

Sinan Ozbek¹, Kabul Oralbay²

¹Doktor PhD, professor University of Qodjaeli, Turkiye

²Doctoral candidate of Eurasian national university named after L.N. Gumilev,
Kazakhstan, Astana, e-mail: oral-kz.@indox.ru

Types of transformation process in the system of values and dynamics of cultural development

This article refers to the structure of Kazakh families consisting of three generations: grandfather, father, son. The older generation with increasing responsibilities and roles in society should be a role model to the younger generation, to know themselves, to support good beginnings of the young, to point out their mistakes, give advice and guide you on the right path. It is noted that the concept of the older generation, as coordinator and regulator, has a very important institutional function in the traditional tribal kinship system of relations. It is obvious that in particular in the education of children formed the cultural values of each people. In addition, the father's behavior, his relationships with other people, his knowledge and talent to serve the child an example to follow, they are reference points. Therefore, the continuity of generations is an urgent problem. Continuity exists as between father and son and between grandfather and grandson. The younger generation is not only the successor of our lives, but also support our country, his unwavering future. The child is the most precious value of mankind, its joy. The

child is an independent person. Despite the fact that its natural qualities, human values are formed in the family, at the school, in social environment, the main teachers of a child are parents. No wonder they say: «Grandfather looking at grandson with hope, and the grandson of his grandfather with suspicion.» Because between them is very large temporary space. If the Grandchild is the beginning of a new Grandfather – the end of the old. Grandparents are people with more life experience, seen the good and the bad. Therefore, for the unity of the country it is impossible to interrupt a binding thread between grandfather and grandson. Between them is a father. It is stressed that three generations, and accordingly three system of values, in turn, should serve the development of society.

Key words: society, values, transformation of values, continuity, culture, social relations, social environment, tradition, ideology, ethnicity.

¹Синан Өзбек, ²Қабул Оралбай

¹доктор PhD, профессор Университета Коджаели, Туркия, г. Коджаели

²Докторант Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева, Казахстан, г. Астана, e-mail: oral-kz.@indox.ru

Виды процесса трансформации в системе ценностей и динамика развития культуры

В данной статье идет речь о структуре казахской семьи, состоящей из трех поколений: деда, отца, сына. Старшее поколение с ростом обязанностей и роли в обществе обязано быть образцом для подражания подрастающему поколению, знать себе цену, поддерживать благие начинания молодых, указывать на их ошибки, давать советы и направлять на правильный путь. Отмечается, что понятие «старшее поколение» как координатор и регулятор выполняет очень важную институциональную функцию в традиционной родовой-родственной системе отношений. Очевидно, что через особенности в воспитании детей формируются культурные ценности каждого народа. К тому же поведение отца, его взаимоотношения с другими людьми, его знания и талант служат ребенку примером для подражания, являются ориентиром. Поэтому преемственность поколений – актуальная проблема. Преемственность существует как между отцом и сыном, так и между дедом и внуком. Молодое поколение является не только продолжателем нашей жизни, но и опора нашей страны, его непоколебимое будущее. Ребенок – самая дорогая ценность человечества, его отрада. Ребенок – самостоятельная личность. Несмотря на то, что его природные качества, человеческие ценности формируются в семье, школе, социальной среде, главные учителя ребенка – родители. Недаром говорят: «Дед смотрит на внука с надеждой, а внук на деда с подозрением». Потому что между ними очень большое временное пространство. Если Внук – начало нового, то дед – конец старого. Деда – это люди с большим жизненным опытом, повидавшие и хорошее, и плохое. Поэтому для единства страны нельзя прерывать связующую нить между дедом и внуком. Между ними находится отец. Особо подчеркивается, что три поколения и соответственно три системы ценностей в свою очередь должны служить развитию общества.

Ключевые слова: общество, ценности, трансформация ценностей, преемственность, культура, общественные отношения, социальная среда, традиции, мировоззрение, этнос.

Кіріспе

Құндылық осы дүниенің объективті шынайылығы, ал шынайылық негізінде игіліктің объективті әмбебап өлшемдері байқалуы мүмкін. Құндылық тұжырымдамасының қысқаша мәні осындай. Тұжырымдаманың өзі құндылықтар өлшемі мәселесіне түбегейлі дұрыс қарайды және теориялық тұрғыдан осы мәселені шешу әдіснамасын ұсынады. Алайда теориялық тұрғыдан дұрыс болса да бұл әдіснама осы тұжырымдама шеңберінде жүзеге асырылуы мүмкін емес, себебі мәселенің шешілуі әдіснаманы жүзеге асыра алатын қоғамның бар болуы сынды сыртқы жағдайларға байланысты. Алай-

да құндылықтардың осы жүйесіне негізделген құндылықтар мен нормалар өлшемдерін шынайы өмірде іске асырылатындығына және осындай қоғамның құрылуының мақсатты тұжырымдалуына күмәнмен қарауға болады. Адамзат тарихы, әсіресе жаңа дәуір тарихы осындай мақсатты тұжырымдама шынайылығын пайымдаудың өзі де қиынға соғатындығын көрсетті.

Зерттеу өзектілігі ретінде Батыс-Шығыс мәдениетіндегі сабақтастық ұғымы, сабақтастықтағы трансформация мәселесі, яғни «Ата – өнегелік үлгісі», «Әке – тәрбие субстанциясы», «Немере – құндылық трансформациясы» болуының қарастырылуы және олардың өзіндік

ерекшеліктерінің айқындалуы алынды. Бұндай жағдайда сабақтастық жекелеген индивидтердің қажетті, маңызды және жаңа жағдайға лайық кезеңдік қолдануына керек мәдени мұраның «берілу, меңгерілу» көлеміне сай қызметі арқылы мүмкін болады. Сондықтан мәдени сабақтастық сапасы оның субъектілеренің сапасына тікелей байланысты болады. Мәдениетте сабақтастық тұрақтылық белгісі болып табылады, яғни жаңа ұрпаққа нақты мәдениетті береді. Әр ұрпақ өмірге аяқ басқан кезде мәдениетпен өмір сүреді, оны меңгереді, дамытады және ары қарай жалғастырады. Сабақтастықтағы үзілістер мәдениеттің динамикасына кері әсер етеді, оның құлдырауына және тіпті жойылуына әкеп соғуы мүмкін.

Зерттеу жұмысының әдістемесі

Тарихи-мәдени тәжірибе үрдісіндегі жаңа мен ескінің арасындағы объективті қажетті байланыс. Бұл байланыс тұтастықты қамтамасыз етеді және мәдениеттің үдемелі дамуының алғышарты болып саналады. Тақырыпқа қатысты маңызды және мазмұнды зерттеулер жасаған ғалымдар ретінде Б. Сексенбаевтың «Мәдени сабақтастықтағы тарих даналығы», Б. Дунаевтың «Мәдени-тарихи сабақтастық және жеке адамның рухани жағынан өзін-өзі айқындауы», Н. Өмірзақованың «Аға буын мен бүгінгі ұрпақ сабақтастығы – дәуірлер жалғастығы», С. Нұрмұратовтың «Ежелгі заманнан бүгінгі күнге дейінгі қазақ халқының философиялық мұрасы» т.б авторлардың еңбектері пайдаланылды. Сонымен, мәдениеттің дамуында сабақтастықтың болуы шексіз екен. Өлі табиғат пен тірі табиғат өсуінің арасындағы және дүниетаным мен материалдық өмірдегі сабақтастық ерекшелігінің бар екендігін дәлелдейтін мәдени-тарихи негіздер зерттеліп, олардың дәстүрлі дүниетанымында алатын орны, сабақтастықтағы трансформация мәселесі тарихи-мәдениеттанушылық, компаративистикалық, аксиологиялық әдістер арқылы қарастырылды.

Нәтижелері және талқылау

Мәдениет – қоғамның өмір сүруінің қозғаушы күші. Елбасы Н.Ә. Назарбаев: «... бүгінгі таңда біздің төл мәдениетіміздің міндеттерін өзіміз айқындай алатын мүмкіндігіміз бар. Оны шешу мәдени санаткерлеріміздің еншісінде. Қазақ мәдениетінің үш мың жылдық тарихы ұрпақтарға

жалғастық пен сабақтастық арқылы жетіп отыр. Демек, ұрпақтар сабақтастығы үзілген жоқ. Мәдениетіміз тірі, оған серпін мен ырғақ керек. Ғасырлар бойы екшеленген мұраларды бір сәт те естен шығармаған абзал» – деген (Назарбаев, 2003: 6).

Елдік парасат деген ұғымның негізінде ұрпақтар сабақтастығы жатыр. Үш буын өкілдері арасында сабақтастық болса елдің бірлігі болады. Ата ұрпақ, әке ұрпақ, немере ұрпақ бірге, түсінікте өмір сүрсе елдік парасат шығады. Яғни атабілетін құндылықтардың әкеге, әке қабылдаған құндылықтардың балаға жетуі арқылы құндылықтар трансформациясының бір отбасында үйлесім табуынан елдік парасат құрылады. Ата мен немеренің арасындағы қырық, елу жылдық кеңістік бір-біріне жақындасу керек. Құндылықтардың өзіндік кеңістігі болғанда ғана қарттарды қарттар үйіне апарып тастау деген болмайды. Бала әкесін немесе немере атасын құндылық ретінде бағаламаса сабақтастық үзіледі. Сабақтастық үзілсе неше түрлі қиын жағдайлар басталады. Соның бірі бұрын-соңды қазақта болмаған жағдай – қарттар үйіндегі қазақтың қарияларының көбейгендігі. Бұл – құндылықтардың құлдырауы. Ата заңда «Әкесі баласын асырап, білім беруге міндетті. Керісінше баласы қартайған әкесіне қарауға міндетті» деп жазылған. Ұрпақтар сабақтастығында әке мен баланың арақатынасы мәңгілік мәселе. Мұхтар Омарханұлы Әуезов «Абай жолында» қос дара тұлға – Құнанбай мен Абайдың қарым-қатынасын шырқау биікке, шын мәнінде әлемдік деңгейге көтерді (Садықова, 2012: 21).

Ұрпақтар сабақтастығы құндылықтар арқылы жалғасады. Ұлт тарихы үшін сабақтастықтың маңызы зор. Әр буын өзіне дейінгі ұлт тәжірибесін бойына сіңіріп, ары қарай дамыта білмесе, тарихын екшеп-саралау арқылы болашағына бағдар жасамаса – ол қоғам керітартпа қоғамға айналады. Өткенді қажетсіз деп тарихты өзінен бастаған, құндылықтарды құнсыздандырған буын мемлекетті рухани дағдарысқа ұшыратады.

Қазақ отбасы негізінен үш ұрпақтан тұрады. Ол – ата, әке, бала. Аға ұрпақ – ер адамдар қауымында жас айырмашылығына қарай бөлінетін генерациялық буынның белгілі бір тобы. Қазақ ұғымында салыстырмалы түрде алғанда бір-бірінен 20-25 жас айырмасы бар ер адамдар өзінен кейінгілерге аға буын (ұрпақ) болып саналады. Алайда нақты мәнге орта жастан асқан соң қазақы ортада жер ортасына келгенде деп айтылады, яғни аға ұрпақтың қоғамдағы

орны нақтылана түседі. Осыған сәйкес аға буынның өзіне тән әлеуметтік міндеттері арта түседі. Бұл кезде көрген-түйгені молайып, тәжірибесі толығып, өмірдің мәніне тереңірек үңіледі, ұрпақтың болашағының баянды болуына қажетті шараларды берік ұстана отырып, оны жіті қадағалайды (Өмірзақова, 2013: 87).

Қоғамдағы ролі мен міндеті артқан аға ұрпақ өзінен кейінгілерге үлгі-өнеге көрсетіп, өздерінің қадірін біліп, жастардың орынды істерін, оң пікірлерін қолдап-қуаттап, қателерін түзетіп, ақыл-кеңес беріп жөн сілтейді. Кейінгі ұрпақ аға буынның озық өнегесін сақтап, одан ғибрат алып, өз өмір тәжірибесінде ілгері дамытып, өз кезегінде кейінгі буынға жеткізіп отыруға ерекше мән береді. Абайдың «Алдыңғы толқын ағалар, кейінгі толқын інілер» деген өлең жолдары аға ұрпақ пен жас ұрпақтың арасындағы мәдени сабақтастықтың этнос өміріндегі маңызын аңғартады. Сонымен, аға ұрпақ ұғымы дәстүрлі рулық-туыстық қатынастар жүйесінде үйлестіруші және реттеуші сияқты аса маңызды институционалдық функция атқарды (Орынбеков, 1996: 61).

Қазақ қоғамында адам жасының мөлшеріне байланысты түрлі атаулар бар. Соның ең маңыздысы да, құрметтісі де, қадірлісі де – ақсақал. Бұл қазақтың кішіпейілділік көрсетуі – әдептілік этикасынан туған ғұрып екені анық. Ақсақалдар қатарына адамның бесінші мүшелге аяқ басқаннан кейінгі, яғни қырық тоғыз жасқа толғандардан бастап кейінгі жастағылар жатқызылады.

Ақсақалдар адам жасы мөлшерінің ерекше категориясы ғана емес, қоғамдық қатынастарды ұйымдастыру және реттеу институттарының көрнектілерінің бірі (Орынбеков, 1996: 05).

Қазақы ортадағы ауыл атының ауыл ақсақалы немесе ру ақсақалы атымен атауының өзі олардың беделінің жоғары екендігін білдіреді. Ертеректе ақсақал барша ауылдың шаруашылығына басшылық жасап, көш жолдарын бастап, жайылымдық жерді таңдауда шешім қабылдап отырды. Ауылды – ақсақал, аймақты – би, ұлысты – сұлтан, жүзді – хан, жүздерді – қаған басқарды. Бұл іргесі берік жүйелердің ішінде ақсақалдар институтының маңызы керемет болды. Ендеше, халықтық ғұрыптың бір саласы делінетін ақсақалдар институтының да болашақтан алатын орны ерекше. Ақсақалдар институты – имандылық мектебінен басталады. Үлкенді сыйлау, оларға құрмет көрсету – ежелден келе жатқан салтымыз (https://baq.kz/kk/regional_media/post/32861).

Академик Ғарифолла Есім айтқандай, «ұлттық дәстүр, әдет-ғұрып, салт-дәстүрдің сақталуын, ұрпақ сабақтастығын көргіміз келсе, кеше кеңес кезінде теріске шығарылған құндылықтарымызды қайта аршып алуымыз керек. Соның бірі – Ақсақалдар институты. Қазақ ұғымында «ақсақал» қоғамның ерік берген тұлғасы. Қоғамдық мәселені реттеп, тепе-теңдігін сақтап отырған биі. Ал, қазір сол ақсақал деген ұғымды бұрмалап ардагер деп қолданып жүрміз. Бұл жасанды болып көрінеді. Ақсақалы бар елді жау ала алмайды. Мұнда дәстүр де бар, сабақтастық та бар. Өйткені, жетімнің тойын, жесірдің қажеттілігін өтеп, кедейдің мұңын шешуді сол елдің ақсақалдары реттеп отырған. Сондықтан Ақсақалдар институты өмірге қайта оралса, қоғамда берік орнын тапса, ұтарымыз көп болар еді» (Есім 2010: 2).

Ақсақал атын құрметтеп, ұстап жүре алатындар және жүре алмайтын деп бөлуге болады. «Қазына болып қартаю бар, қазымыр боп қартаю бар» демекші, олардың іскерлігін көрсету – кімге болсын абырой. Ақсақалдарымыздың барлығы мұсылман болғандықтан алғысқа, нығметке, ізгілікке бөленгендер деп аталады. Жасы үлкен ақсақалдарымыздың өмірлік тәжірибелері мен ақыл-кеңестері, тәлім-тағылымдары, өсиет сөздері асыл қазына ретінде бағаланып келді.

В. Радлов өз зерттеуінде: Абыз – ата, рухани көсем делінеді. Бірақ абыз – араб сөзі емес, көне түркі сөзі. Түркі тілдес халықтардың ортасында, жергілікті диалектілерде, шағатай деректерінде аба сөзі аға, ата, әке, ұлы мағынасында белгілі. Яғни, аба дегеніміз – үлкен адам, қасиет иесі, тұлға. Баба – жасы ұлғайған, көпті көрген, кеменгер қария. Осы аға сөзінің бастапқы мағынасы – туысқан адамдардың еркек жағынан жасы үлкені (Мұқашев, 1980:198).

Бай тарихы бар қазақ елі де солар сияқты өткенді болашақпен ұштастырып, қанатын кең жайған мәуелі зәулім шынардай гүлдеп өркениетке жетері ақиқат. Оның негізі күрделі өткен тарихымызда қаланған қазақтың бай шежіресінде жатыр. Біріншіден, әр қазақ өз руындағы арғы-бергі үрім-бұтақтарының, ең болмағанда жеті атасының аттарын түгелдей білгендіктен, жалпыхалықтық шежіреге тікелей шығып, бүкіл ел тарихына қатысты екендігін сезінген, өзгеге де аңғарта алған. Қазақтың ежелден қалыптасқан әдет-ғұрпы, салт-санасы, этногенезі негізінде туған мақал-мәтеліндегі «Жеті атасын білмеген – жетесіз» деген пайымның да төркіні осыған байланысты. Қазақ

шежіресі – бүкілхалықтық шежіренің ең жетілген түрі. Екіншіден, шежірелер байқауымен қатаң жүргізіліп отырған халқымыздың ру ішінен қыз алыспау дәстүрі жақын қандылық некеден пайда болатын қауіпті кеселден сақтап, ұрпақтарының денсаулығының мықты болуына игі әсерін тигізіп отырған. Осыған орай, қазақтар неке заңында жеті атаны толтырып, 8-ші атада қыз алысуын мақұл көрген. Жеті ата: бала, әке, ата, үлкен ата, ұлы ата, баба, ұлы баба. Қазақта «Ата көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер» деген мақалдың педагогикалық, тәлім-тәрбиелік маңызын генетика ғылымы дәлелдеп келе жатқаны белгілі. Бұлай дейтініміз – қазақ халқының тектік ұғымында әкенің қаны тектік төркіні есептеледі. Үшіншіден, қазақ хандығы құрылғанға дейінгі қазақты құраған тайпалардың өмір тарихын қалай білеміз? Міне, осы мәселеге келгенде шежіреге жүгінеміз (Жалайыр, 1997: 134).

Тек және тектік жайының қазақ ұлтының рухына сіңіруі ең әуелі рулықтан басталады. Тектілік – адам бойындағы асыл қасиеттердің парасаттылық үлгісі ретінде ұрпақтан-ұрпаққа рухани сабақтастықпен берілуі. Тектілік құбылысы жақсы адамның кездейсоқ қалыптаспайтынын, ата-бабалардан берілетін дүниетанымдық, ділдік, психологиялық, т.б. бейімділіктері болуға тиістілігін көрсетеді.

Тектілікті атадан балаға берілетін абсолютті мұра деп те қарауға болмайды. Себебі, ата текпен берілетін асыл қасиеттерді бойда сақтап қалу бар да, «жаман әдет – үйірсек» деп тура жолдан тайып кету тағы бар. Генетикалық тұрғыда адам бойындағы жақсы қасиеттердің 75-80 пайызын тектен тұқым қуалау арқылы, ал қалғанын тәлім-тәрбие, қоршаған әлеуметтік ортадан алады (Жалайыр, 1997: 134).

Халқымыз баласын кішкентайынан жеті атасын тануға үйретеді. Жеті атасын тану арқылы әркім көрші рулармен байланысын білген. Сөйтіп, бүкіл қазақтың біте қайнасқан туыстығына көзі жеткен. Жеті атасын, руын, жүзін білген қазақ туған жерінің кез келген шалғайында өзін туысқандарының ортасында жүргендей, алып бір отбасының мүшесіндей сезінеді. Нәтижесінде, үлкен бір отбасылық ұлттың біртұтас зердесі қалыптасты. Жер басып жүргендер ғана емес, жадында сақталған баяғы ата-бабасы да тірілердің санасында тірілгендей, жалғасын тапқан. Жеті аталық ұстаным бүкіл халықтың бойында еш мәжбүрлеусіз, мейлінше тегеуірінді рухани бірлік сезімін терең сіндіреді. Ол – этнотуыстықтың қуатты, арқаулы темір қазығы болды» (Энциклопедия, 2011:428).

Сонымен, адам сөзсіз өз генінің, отбасылық тарихының жемісі. Адам тәуелсіз емес. Ол – бұрынды жалғаушы ғана. Әр адам өзінің өткені мен бүгінгі өмірінің мәнін ертеңгі ұрпақ алдындағы жауапкершілігін сезінгенде ғана мақсатты әрекет ете алады. Осының бәрін сезіну, келер ұрпаққа мұра қалдыру адамның азаматтық, қайраткерлік болмыстарын тектілікпен ұштастырып жатқандай. Тектілік биігіне көтерілу шын бақытқа ұмтылумен сипатталады.

Ата мен немере арасында әке бар. Ел бірлігін қамтамасыз ететін үш ұрпақ: ата, әке, немере. Үш буын – үш құндылықтар жүйесі. Сабақтастық жібі үзілмеуі керек, егер үзіле қалса, оның қай жерден үзілгенін тауып жалғау – парасаттылықты қажет етеді. Ал парасат иесі – ата.

Әке – өзінен туған немесе асырап алған баласы бар ер адам, туыстық қатынасты білдіретін ұғымның атауы. Қазақ қоғамында әкенің алатын әлеуметтік орнына ерекше басымдылық беріледі. Олай болатыны отбасын материалдық игілікпен қамтамасыз ету, баланы сүндетке отырғызу, ұлды үйлендіріп отауын тігіп, еншісін беру, қызды орнықты жерге ұзату, жиендеріне жиенқұрық беру, сондай-ақ, балаларын сауаттандыру, оқытып, білім беруге мүмкіндік жасау т.б. мәдени-әлеуметтік маңызды жайттар әкенің мойнындағы үлкен міндет. Осымен байланысты әкені сыйлау, құрметтеу, оған қарсы келмеу отбасылық этиканың, қарым-қатынастың императивті әлеуметтік нормалары қатарына жатады.

Әр шаңырақта әкенің орны ерекше. Әке – отбасының асыраушысы, отбасы мүшелерінің тірегі, қамқоршысы. Әкенің мінез-құлқы, өзгелермен қарым-қатынасы, өнері мен білімі – баланың көз алдындағы үлгі, өнеге алатын, оған қарап өсетін нысанасы. Отбасының пейіл-береке, ынтымағы үшін отағасының әділ, ұстамды болуы орасан маңызға ие. Оның тәрбиелік рөлі де зор. Ер бала әкесімен сырлас, жолдас, дос. Ол әрқашан бір әрекет жасау үшін әуелі әкесімен сырласады. Ер баланың өсіп, жетіліп, өз алдына жеке тұлға болып қалыптасуына, қоғамдағы өз орнын дұрыс табуына әкенің атқарар еңбегі ерекше. Қазақ халқында «Бір бала бар – атадан өте туады, бір бала бар – кері кете туады» деген тұжырымға, баланың қандай болмағына негіз болатын әкенің өзі.

Ер адамдардың көбі ұл баланың туғанын асыға күтеді. Бұл түсінікті жағдай: ұлды өзінің жалғасы ретінде көреді, ұлға дәулеті болмаса да, өзінің өнерін, шеберлігін, білімін мирас етіп тастап кетем деп үміттенеді. Нағыз ер жігіт

өзін-өзі ұстай алатын салмақты, қарсыласына тойтарыс бере алатын ержүрек, әрқашан әлсіздерге көмектесіп, әділдікті жақтайтын адам. Ұл баланың бойына ерте жастан бастап осы қасиеттерді қалыптастыруы тиіс. 3-4 жасынан бастап-ақ жасаған қылықтары үшін жауап беруге, «еркелеме, нағыз ер жігіт олай істемейді, сен сабырлы болуың керек» деген сияқты өзін-өзі қадағалау дағдыларына баулуы керек. Бала қиыншылықтарға шыдамды, оларға қарсы тұра алатын, қажет болған жағдайда ауырға төзімді болуы тиіс. Осылайша болашақ ер азаматтың негізгі қасиеттері қалыптасады (Жұмабекова, 2006: 395).

Әке үйі барлық балалары үшін үлкен үй, қара шаңырақ деген киелі ұғымдармен құрметті. Қара шаңырақ, үлкен үй деп атайтын әкенің үйіне болашақта кенже ұл ие болып, қарттарды бағып-қағатын, көне салт бүгінгі қазақ отбасыларында да сақталған. Ал үлкендері үйленіп үй болысымен еншілерін алып, бөлек шыққан. Жасы кіші болса да кенже иеленген үлкен үй басқа жасы үлкен туыстары үшін де қадірлі, қасиетті үй ретінде саналған. Әкенің мінез-құлқы, өзгелермен қарым-қатынасы, өнер білімі ұл баланың көз алдындағы үлгі-өнеге алатын, соған қарап өсетін нысанасы. Қазақта біреудің баласы жақсы, өнегелі азамат болса: «Оның әкесі немесе атасы жақсы кісі еді, көргенді бала екен, өнегелі жерден шыққан ғой», – деп мадақтайды. Ата өнерін ұрпағының жалғауы, оны мирас етуі қазақ отбасыларында жиі кездесетін дәстүр. Билік, батырлық, әншілік, серілік, мергендік, аңшылық, зергерлік сияқты ата-баба өнерін жеті атасына дейін жалғастырған әулеттер қазір де бар (Тлепов, 2003: 6).

Әр адамның перзентінен туған сәби немере деп аталады. Немере жалғыз емес, ол ұрпақ. Жаңа мен ескі аралас болғанды білеміз, бірақ дәл қазіргі замандағыдай құндылықтардың түбегейлі күйреп, жаңа құндылықтардың санаға әлі де орнығып үлгере алмай жатқан дәуірде күн көріп жатқанымыз ешкімге жасырын емес. Бүгінгі өзекті мәселе – ұрпақтар сабақтастығы. Сабақтастық әке мен баланың емес, ата мен немере арасында.

XXI ғасырда қандай заман болмасын, әкелері балаларымен немесе немерелері аталарымен заманның ағысын қалай анықтамақ деген болжам жасаған. Ұрпақтар арасындағы сабақтастық қай заманда болмасын басты мәселе. Біз әлеуметтік келісім, этносаралық келісім және конфессияаралық келісім деп айтып та, жазып та жатамыз. Кешегі кеңестік қоғамда

өсіп, еңбек етіп, өмірлік тәжірибе жинақтаған, көзқарастары қалыптасқан әке-аналарымен, немере-әжелерімен бір отбасында күн кешуде. Бұл ұрпақтар сабақтастығының қиындығы да, қызығы да. Әр отбасында өткен күнді айтушылар, тіптен насихаттаушылар бар. Сонымен бірге, өмірлерін келешекке бастаған жас ұрпақ бар. Демек, отбасында құндылықтарды бағалау, құрметтеу, не оларды талқыға салу, қайсыбірін теріске шығару деген мәселелер күн сайын ата ұрпақ, аға ұрпақ, немере ұрпақ арасында болып тұратын жайлар.

Жас ұрпақ біздің өмірімізді жалғастырушы ғана емес, еліміздің тірегі, мызғымас болашағы. Адамзаттың өмірдегі ең қымбаттысы, көз қуанышы – бала. Бала – дербес тұлға. Оның бойындағы табиғи қасиеттер, адамгершілік құндылықтар отбасында, мектепте, әлеуметтік ортада қалыптасады. Баланың бас ұстазы – ата-анасы. Тәрбие үрдісінің бір тарауы отбасымен жұмыс десек, отбасынан басталатын тәрбие мектеп өмірінен жалғасын табады. Қазақтың отбасында өмірге келген әр бала ес біліп, етек жайғанша, негізінен әке мен ананың тәрбиесінде болады. Бүгінгі мақсат – әрбір баланың түбегейлі білім мен мәдениет негіздерін білуі және олардың жан-жақты дамуына ата-ана мен мектептің жағдай жасауы.

«Атасы немересіне үмітпен қараса, немересі атасына күдікпен қарайды» деген де сөз бар. Себебі, немере мен атаның арасы алты айлық жол. Жаңаның басында – Немере, ескінің соңында – Ата тұр. Сол елу жылды немеремен бірге жүріп өту қиынның қиыны, тіптен іске аса қоятын шаруа да емес деген пікірдеміз. Немеремен қандай жағдайда бас қоспақсың, әрине отбасында, дастарқан басында. Дастарқан немере мен атаның түсінік алаңы болмаса, жағдайдың қиын болғаны. Дастарқан қазақ халқы үшін ұрпақ сабақтастығының алаңы, әрі көпірі. Бас осы жерде түйіспек. Дәм үстінде дәмді әңгіме болса, ол ақ жауындай сіңімді болады. Отбасы тәрбиесі – дастарқаннан бастау алмақ. Дастарқан ата-бабамыздан бізге жеткен қазынамұра. Дастарқан ұрпақтар сабақтастығын жалғастырушы, жеткізуші хат. Қазақ халқының құт-берекесі – дастарқанда. Көңіл кірін жуатын да дастарқан, кісілікке бастайтын да – дастарқан, тәрбиенің алаңы да – дастарқан, алаң көңілге сенім беретін де – дастарқан. Дастарқан, қандай жағдай болмасын, тек ізгі ниетке жайылмақ (Қалиев, 1994: 82).

Бүгінгі күннің басты міндеті – тарихы сонау тереңнен басталатын халқымыздың өткенін

ұмытпай, бүгінін бағалап, болашаққа нық сеніммен қадам басу. Ол жол – Нұрлы Жол, Мәңгілікелдің жолы. Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығы біздегі көптеген ұлттар татулығының көрінісін айғақтайды, Ата заңның 20 жылдығы құқықтық тұрақтылығымыздың кепілі болып келеді. Ал, Қазақ хандығының 550 жылдығы – еліміздегі бірліктің және ынтымақтың, тарихи сабақтастықтың көрінісі.

Қорытынды

Қазіргі жағдайда «Елтану» адамның экзистенциалдық (тіршілік) деңгейін, ұрпақтардың ойлау ерекшелігі мен мінез-құлықтық сипатын, барша Қазақстан халқының ұлттық санасы мен сана-сезімін арттыруға бағытталады. Қазіргі жастар үшін «Елтану» деген – өмірдің мәні мен нақты бір әлеуметтік-мәдени жағдаят туралы әңгіме; ана тілінде және қолжетімді әрі жуық құндылықтар төңірегінде топтасқан адамдардың тілінде өмірлік мәнге ие мәселелер мен міндеттер жөнінде толғану. Білім және жалпы білімділікпен салыстырғанда, «Елтану» – алдыңғы буынның өмірлік тәжірибесін меңгере білу, халық даналығын шығармашылықпен, әрі сындарлы тұрғыда игере білу. «Елтану» ұлттық болмыстың адамгершілік, этикалық, құндылық арнада кең мазмұнда зерделенеді. «Елтанудың» тұтынушылары – дербес адами және әлеуметтік болмыстың біріншілік санаты болып табылатын

«Біз». «Түрік Елі» идеясы мен «Қазақ Елі» идеяларының арасында өзара сабақтастық бар екендігін, ал бұл ұстанымдардың сақ, ғұн, үйсін және қаңлы сияқты этникалық қауымдастықтардың қоғамдық өмірінен бастау алады. Сондай-ақ бұл ретте б.з.д. II ғасырда мемлекеттік құрылымы бар ел ретінде танылған ғұн, үйсін және қаңлылардың түркі этносына тән екендігі, мәселен көне қытай жылнамаларында түркілер мен үйсіндердің шығу тегіне байланысты аналық қасқыр туралы ортақ аңыз осы тұжырымға толық негіз бола алады (13, 254). Ұрпақтар сабақтастығының негізін дәстүр дейміз, ал оны жыл сайын өзгерте берсек, халық бытырап кетеді. Қариялардың тәрбиесінде орны өте зор. Қазаққа қай үйде қарт болса, сол үйде береке бар дейді. Өйткені, жастардың тәрбиесі, өнегесіндегі көрегенділіктің бәрі де сол жасы келген адамның әсерінен. Ол күнделікті жол көрсетіп, ақыл айтып отырады. Қазіргі заманда талай дүние өзгерді. Бұрынғы кезде қазақ қоғамында адами қасиет бірінші орында болатын. Сондықтан, жас буынның да, жасамыс пен қарттың да өз орны болды. Осы үш ұрпақтың қашан да байланысы жалғасын тауып келе жатқан еді. Ұрпақтар сабақтастығы болды. Қоғамның күш-қуаты, бірлігі осында жатты. Ұрпақ сабақтастығы – елді бірлікке шақыратын дүние. Халық даналығын қарттардың бейнесінен әбден табуға болады.

Әдебиеттер

- Назарбаев Н.Ә. Ғасырлар тоғысындағы Қазақстанның мәдени дамуы. – Алматы: Атамұра, 2003.
- Садықова А.Е. Интеллектуалды ұрпақ қалыптастырудағы тәрбие мен білімнің сабақтастығы. – Алматы, 2012. – № 4. – 20-22 б.
- Өмірзақова Н. Аға буын мен бүгінгі ұрпақ сабақтастығы – дәуірлер жалғастығы. – Алматы: Мерейтой, 2013. – №2. – 101 б.
- Орынбеков Мұқан. Ежелгі қазақтың дүниетанымы. – Алматы, 1996. – 164 б.
https://baq.kz/kk/regional_media/post/32861
- Есім Ғарифолла. Тұлға философиясы // Егемен Қазақстан. – 2010. 14 мамыр: Мақала ұрпақ сабақтастығы: ЦБС: Семей қ. Мұқашев З.А. Преемственность как момент развития. – Алматы: Казахстан, 1980. – 203 с.
- Қадырғали Жалайыр. Шежірелер жинағы. – Алматы, 1997. – 245 б.
- Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. – Алматы: DPS, 2011. – 601 б.
- Жұмабекова Ф.Н. Инновациялық педагогикалық технологияларды білім беру мазмұны сабақтастығын қалыптастыруда пайдалану. 2-том. – Алматы: Білім, 2006. – 4-46 б.
- Тлепов Б. Қазақстан саяси жүйесінің дамуындағы дәстүрліктің алатын орны мен рөлі. – Алматы, 2003. – 8 б.
- Қалиев С., Оразбаев М., Смайылова М. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. – Алматы, 1994. – 134-135 бб.
- Касымбеков М.Б., Пралиев С.Ж., Жампеисова К.К. Мәңгілік Ел. – Алматы: Ұлағат, 2015. – 336 б.

References

Nazarbaev N.A. Gasyrlar togysyndagy Kazakhstannyn madeni damuy [The cultural heritage of the Kazakhstan at the crossroads]. -Almaty, Atamura, 2003.

- Sadykova A.E. Intelektualdy urpak kalyptastyrudagy tarbiye men bilimnin sabaktastygy [Fostering education and upbringing of intelligent pedagogy]. Almaty, 2012. № 4. p.20-22.
- Omirzakova N. Aga buyn men bugingi urpak sabaktastygy – dauirler zhalgastygy [Adaptation of the generation and the current generation is the epoch of the era]. Almaty, Mereitoi. 2013. №2. -101 p.
- Orynbekov Mukan. Ezhelgi kazakhtyn duniyanymy [The worldview of the ancient kazakhs]. - Almaty, 1996. - p.164.
https://baq.kz/kk/regional_media/post/32861
- Garifolla Yesym. Tulga Philosophiya [Personality philosophy]. //Egemen Kazakhstan. -2010. 14 мамыр: Makala urpak sabaktastygy: TchBS: Semei k.
- Mukashev Z.A. Preemstvennost kak moment razvitia [Continuity as a moment of development]. -Almaty, Kazakhstan. 1980. - p.203.
- Kadyrgali Zhalaiyr. Shezhireler zhinagy [Collection of episodes]. -Almaty, 1997. - p.245.
- Kazakhtyn Ethnographiyalyk kategorialar, ugymdar men ataularynyn dasturli zhuesi [The Traditional System of Ethnographic Categories, Concepts and Scarcities of Kazakhs]. Entchiklopediya. -Almaty, DPS, 2011. – p.601.
- Zhumabekova Ph.N. Innovatchiyalyk pedagogikalyk technologiylardy bilim beru mazmuny sabsktastygyn kalyptastyruda paidalanu [Applying innovation pedagogical technologies to enhance the educational opportunities]. 2-tom. -Almaty, Bilim, 2006. - p.4-46.
- Tlepov B. Kazakhstan sayasi zhuenin damuyndagy dasturliktin alatyn orny men roli [The place and role of the traditional kazakh system in the Kazakhstan political development]. -Almaty, 2003. - p.8.
- Kaliev S., Orazbaev M., Smaylova M. Kazakh xalkynyn salt-dasturleri [Traditions of the Kazakh nation]. -Almaty, 1994. - p.134-135.
- Kasymbekov M.B., Praliev S.Zh., Zhampeisova K.K. «Mangilik El» [Eternal country]. -Almaty, «Ulagat». 2015. - p.336.